

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ КЕСЕНЕСІНДЕГІ ҚОЛА
ШЫРАҒДАНДАРДЫҢ ШЫРАҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ КӨНЕ
ДӘСТҮРЛЕРМЕН РУХАНИ ҰШТАСУЫ**
THE SPIRITUAL CONNECTION BETWEEN THE COPPER LAMPS IN
THE MAUSOLEUM OF KHOJA AHMED YASAVI AND ANCIENT
CUSTOMS RELATED WITH FIRE

Д. МҰСТАПАЕВА*

Түйіндемe

Мақалада Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі 1397 жылмен мерзімделген қола шырағандар, олардың жасалу, әрлену сипаттары қарастырылады. Қола шырағандардың ислам өнерінің туындысы ретіндегі мәні, олардың жасалуы мен қойылуы, ежелгі және ерте ортағасырлық Отырар оазисінде табылған заттай мәдениет туындыларымен сабақтастықтары сараланады. Елдің отқа, шырақтарға байланысты көне наным-сенімдер, рәсімдерінің мәні туралы баяндалады.

Кілт сөздер: Қожа Ахмет Ясауи, ислам өнері, шырағдан, кесене, қолтаңба, сульс, рухани, көркем, керамика

Summary

The article considers copper lamps in the mausoleum of Khoja Ahmed Yasavi dating from the year 1397, as well as their manufacturing and decoration. The analysis of the value of copper lamps as the works of Islamic art, their manufacturing and placement, as well as the relationship with the objects of material culture, found in ancient and medieval Otrar oasis is given. The significance of the ancient folk beliefs and rituals associated with fire and lamps is narrated herein.

Keywords: Khoja Ahmed Yassavi, Islamic art, lamp, mausoleum, signature, suls, spiritual, artistic, ceramics

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі, XIVғ. екінші жартысымен мерзімделген шырағандардың формаларының, атқарған қызметтері, шығуына байланысты зерттеулерде қамтылған. Мұндай шырағандар орта ғасырлық ислам өнерінің өз заманына сай керемет туындылары ретінде танылып, өмір сүру ортасында кең қолданылды. Бұл шырағандар тек жарық көзі ретінде қолданылып қойған жоқ,

* тарих ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті. Түркістан-Қазақстан
Candidate of History, Associate Professor of K.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University. Turkistan-Kazakhstan

олардың қойылуының да ертеден келе жатқан көне дәстүрлермен тығыз байланысы бар. Зерттеулерде шырағандардың резервуарларында сұйықтық жанатын жаңа түрлері шыққаны айтылады [1,77].

Ахмет Ясауи кесенесіндегі шырағандарға ұқсас шырағандар Кейр коллекциясындағы күміспен апталған XIVғ.-XV ғасырдың басымен мерзімделген қола шырағандар, Сарай Беркеден табылған, 1395 жылмен мерзімделген, резервуарлы қола шырағандар болып табылады. Герат мектебінің миниатюраларында да шырағандар бейнеленген. XIV-XVғ.ғ. осындай күрделі құрылымды шырағандар жасау дәстүрі болған, бірақ кейінгі ғасырларда жалғасын таппаған. XIV-XVғ.ғ. әр түрлі форма, ауқымдағы түрлерін жасау дәстүрлері жер-жерлерде дамығаны белгілі. Ол дәстүр алдыңғы ғасырлардағы шырағандар жасау дәстүрінен бастау алғаны анық. Осыған байланысты ғылыми зерттеулер, елдің от, шырақтарға байланысты наным-сенімдері, дәстүрлері де бар.

Шырағандардағы жазуларда Әмір Темірдің есімі, тарихи мазмұндағы, сәттілік тілеген жазулар, Сағдидің «Гүлістанынан» үзінді келтірілген. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі кейбір шырағандардың Әмір Темір кесенеге зиарат етіп келгенге дейін болғанын да жоққа шығаруға болмайды. Мемлекеттік Эрмитаж музейінде сақтаулы 4-ші номерлі шырағанның сырты он жеті белдеуге бөлінген, сыртына жазу және өсімдік тектес өрнектер түсірілген. Сол белдеулердің он үшіншісі бес медальон, бес картушке бөлінген. Бес төрт бұрышты бөліктерге сульс қолтаңбасымен жазулар әшекейленіп түсірілген. Оның аудармасына назар аударсақ Әмір Темірге деген мадақ, «Әмір кептер құрылдауымен жалғаса берсін...» деген сөздер түсірілген [1,72]. Шырағанның сыртына түсірілген «кептер құрылдауымен өмір жалғаса берсін» деген сөйлемнің мәнін авторы белгісіз «Рисале–и Зикири–и Хазрети Султануи-арифин» атты шағатай тілінде жазылған шығармада Ясауи тарихатының зікірінің алты түрі берілгені туралы, осы алты зікір тәсілі «зікір кәбутер» (көгершін /кептер зікірі) «ху, ху» деп аталады деген тұжырымдармен ұштастырып қарауға болады [2,74]. Әмір Темірдің аманатында «машайықтар, сопылар, тәңірмен тіл табысқан данагөйлер. Олармен ылғи байланысымды үзбей етене жақын сырластым, сұхбаттастым. Ақыл-кеңес, ақыреттік пайдаларын алдым. Олардың ділінен тәңірдің тілін танып, ғажайып кереметтерін бойыма сіңірдім, бейілдерінен рахат тауып, әңгімелеріне ұйыдым...», – дейді [3,85]. Кезінде осы әулиелер мен дін қызметкерлерінің

мазарларына ата мұрадан қаржы бөліп, ол жерлер кілем, тағам және шырақпен қамтамасыз еткен [3,126].

Кесенедегі сырты өрнектеліп, сульс үлгісінде көркем жазулар түсірілген шырағандардың жалпы саны алтау болған, оның үшеуінің резервуары цилиндр сипатында, үшеуінің резервуары шар түрінде жасалған. Кезінде зерттеушілер еңбектерінде шырағандар туралы, жазуларының мағыналары жан-жақты зерттелген болатын [4].

1935 жылы қазіргі Санкт-Петербургте өткен Иран өнері мен археологиясына арналған III- Халықаралық конгресте ұйымдастырылған көрмеде екі шырағдан қойылған болатын. Олар қазіргі кезде Санкт-Петербургтегі Эрмитаж музейінде тұр. Шырағандар бірнеше бөліктерге бөлініп құйылып, құрастырылған. Сырттарына өрнектер өсімдік тектес сипатта, жазу түрінде түсіріліп, өрнектердің сырты, жазулары алтын, күміспен апталған. Қазіргі кезеңде көп жеріндегі алтын, күміс жалатылған бөлігі түсіп қалған.

Резервуары цилиндр сипатындағы үш шырағданның бірі - Лувр музейінде, екіншісі-Эрмитаж музейінде, үшіншісі -“Әзірет Сұлтан” қорық музейінде сақтаулы тұр. А.А.Иванов өзінің зерттеуінде N1 шырағдан деп атаған бірінші шырағдан Эрмитаж музейінде тұр [1, 69]. Оны музейге 1935 жылы көрмеге қою үшін алып кеткен болатын. №2 шырағдан да резервуары цилиндр сипатында жасалған. Қазіргі кезде Мемлекеттік “Әзірет Сұлтан” тарихи-мәдени қорық музейінде сақтаулы (инв. Nэв-кк880. кк4) .

Цилиндр формасындағы резервуарлы N3 шырағданның тағдыры өте күрделі. Аса құнды тарихи маңызы үлкен жәдігердің әр қилы заманды басынан кешіргені анық. Әрине тірі жанды адам болмағанмен, талай тарихи оқиғаның, саяси-қоғамдық өзгерістердің куәсі болған мұраның да өз тарихы, тағдыры болған. Кезінде бұл тарихи маңызы бар тамаша өнер туындылары тек мамандардың ғана емес, әуесқой жинаушылар мен алаяқтардың назарын аударды [5]. Нәтижеде- 1905 жылы бұл шырағдан ұрланған.

1905 жылғы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінде болған тонаудан соң бұл зат үш бөлікке бөлініп кеткен [1,70]. 1906 жылы “Туркестанские ведомости” газетінде осы жоғалған шырағдан туралы “Покража части подсвечников из мечети Ходжа Ахмеда Ясави” атты мақала жарияланды”[6]. Осы газеттің 1910 жылғы N162 санында аталмыш затқа байланысты “Попытка возвратить в Туркестанскую мечеть

украденный тамерлановский подсвечник” деген мақала жарық көрді” [7].

1921 жылы құрылған Өнер мен табиғат, көне ескерткіштерді қорғау, музей ісі бойынша Орта Азиялық комитеттің жұмысына қатысқан А.А.Семеновтың жетекшілігімен жүргізілген Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі жұмыстардың нәтижесі осы шырағданның 1905 жылы ұрланғанын атап өтеді” [5]. Қандай жағдайда оның екі бөлікке бөлінгенін айту қиын. Сонымен, бұл шырағданның цилиндр сипатындағы резервуары мен орта бөлігі Лувр музейінде сақтаулы, ал төменгі бөлігі Эрмитаж музейінде тұр.

М.Е.Массон өз зерттеуінде 1910 жылы шет елде жоғалған шырағданның жоғарғы бөлігінің ізіне түсу мүмкіндігі болды деп жазды. Сол кезде Археологиялық комиссияға еденге бекітілгендіктен сақталған төменгі бөлігімен салыстыру туралы хабар беріледі [8].

Резервуары жарты шар сипатында жасалған шырағандардың саны үшеу. Бұл шырағандардың екеуі Мемлекеттік “Әзірет Сұлтан” тарихи-мәдени қорық музейінде сақтаулы.

Осы аталған формадағы шырағандардың бірі 1935 жылы Иран өнері мен археологиясының III –Халықаралық конгресіне арналған көрмеге қоюға Санкт-Петербургке алып кетілген болатын. Қазіргі кезде Эрмитаж музейінде сақтаулы. Аталған шырағандардың сыртқы бөліктеріне түсірілген өрнектер шекімеленіп жазу түрінде және өсімдік сипатында бейнеленіп, алтын, күміспен апталған. Өю-өрнектері тайқазанның өрнектерін еске түсіреді. Әр түрлі иірімдерді қолдана отырып түсірген өрнектер құрылымы аса керемет үйлесіммен жасалған. Сонымен қатар қазанның сыртын әшекейлеудегі өрнектер үлгісі жаңаша бір сипатта қайталанылған.

1913 жылы шырағандарға байланысты “Туркестанские ведомости” газетінде Археологиялық комиссияның өтініші жарияланды. Петербург Археологиялық комиссиясы Ахмет Ясауи кесенесіндегі шырағандарды Петербургке жіберу туралы сұраныс береді. Шырағандарды сұрау себептерін, оларға сипаттама жасап, суретке түсіру қажеттіктерімен түсіндіреді. Көне құнды заттарға иелік ететін түземдік басқару ұйымы бұл берген өтінішке құнды шырағандардың жоғалып кету қауіпіне сүйеніп рұқсат бермеген. Сол себепті комиссия осындай өтінішті жергілікті орыс администрациясы арқылы беруге мәжбүр болады [9]. Ресей археологиялық комиссиясы Түркістан генерал-губернаторына Петербургтегі Императорлық Эрмитажға барлық шырағандарды ақша төлеу барысында жіберу

туралы өтініш айтады. Бұл өтінішті орындауды генерал-губернатор А.В.Самсонов нақты, түбегейлі қабылдамайды [5,10, 72].

Эрмитажға шырағандарды жіберу туралы іс-әрекет толық болмаса да ішнара орындалды. 1935 жылы тайқазанмен бірге екі шырағанды Иран өнері мен археологиясының конгресіне арналған көрмеде көрсету үшін алып кеткені жоғарыда айтылды.

XIV ғасырдың 1397 жылы құйылған шырағандар сол кезеңнің жетістіктері қолданылып жасалған заттар. Қазан қою, шырақ қою дәстүрінің ықылым заманнан келе жатқан белгі екені рас. Ал, заттардың формасы мен жаңаша түрленуі осы байырғы дәстүрдің жалғасын тауып, дамуы деуге болады. А.А.Ивановтың тұжырымы бойынша XIV-XV ғасырларда күрделі сипаттағы шырағандар жасау дәстүрі болған, бірақ XVI ғасырда жалғасын таппады [1,72]. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған керамикалық, метал шырағандар әр түрлі сипатта болып келеді. Бірақ, бәрінің атқаратын қызметі жарық беру, шырақ қызметін атқару болғаны белгілі. Атап өткендей қасиетті жерлерге қазан қою, су бастауы болу, шырақ қою дәстүрін XIV ғасырда Ахмет Ясауи кесенесіне арнап жасалған тайқазан мен шырағандар жалғастырып, жаңа бір түрде сол кезеңнің өнер туындыларының жетістіктерін қолдана отырып қайталайды.

ҮІІІ-ХІІІ ғғ. Шу аңғарындағы ортағасырлық Ақтөбе қаласын зерттеген ғалымдар, сол жерден қолөнер кәсібінің темірден, тастан, сүйектен, шыныдан жасалған бұйымдардың ішінен мыстан жасалған шырақтарды тапты. Бұл заттар теміршілер, зергершілер еңбек еткен жерден табылған. Сол кезде темір бұйымдарды жасау үлкен деңгейге жетіп, шеберлер қажетті заттарды шығарып отырды. Түркілердің қолөнер кәсібі қарахандар тұсында тамаша дамыған. ІХ-ХІІ ғғ. өрнектелген қыш, биік, жатаған мыс шырағандардың түрлері болды [10,159] Осы тұста Ақтөбеден табылған жоғары жағы кубба, күмбез ұшы секілді, үш аяқты тұғыры бар, екі шеті дөңгелек сипатта жасалған мыс шырақты айтуға болады. Бұл шырақ үш бөліктен құрастырылған. Қарахандар дәуірі кезеңінде ислам өркениетінің алға өрлеуіне түркілердің де ерекше үлес қосқанын заттай мәдениет туындылары айқындауда. Сол кезеңде әлемге әйгілі түркі-ислам мәдениетінің белгілі ғалымдары қазақ жерінде еңбек етті [11,212].

Елдің отқа, шырақтарға байланысты көне наным-сенімдері, рәсімдерінің мәні туралы зерттеулер нәтижесі мұны нақтылай түседі. Қазақтар ертеден оттың тазартатын күшіне сеніп, тұрмыс-тіршілігінде,

атап айтқанда, қошарды отпен аластату рәсімін жасаған. Сонымен бірге отпен тазартудың басқа да әдістері болған. Ә.Диваевтың этнографиялық материалдарында осыған байланысты қызықты деректер бар. Кешке қарай жерге екі қазық қағып, аралары 10-15 метр, оларға жерден 1,5 метр арқан тартып байлаған. Қазықтардың маңына үлкен от жағып, отқа майда тұз салған. Осыдан соң тартылған ала арқанның астынан, жанып тұрған екі оттың арасынан барлық отарды өткізген [12,133]. Қазақтар оттың киесінен қорыққан. Шиге оралған мата, мақтадан жасалған шырақтар құрбандыққа берілді. Түркі халықтарының отқа байланысты рәсімдері, тиымдары бар. От үлкен қадірге ие болып, қастерленді, оған түкіруге, қоқыс, тастауға болмайды. Түркі халықтарындағы (саха т.б.) ең жаман қарғыс «отың өшсін» деген қарғыс болған. Алтайлықтар, хакас, тывалықтарда да отқа қатысты осындай рәсімдер, тиымдар болған. [13, 318].

XIII-XV ғғ. Отырар шеберханаларында, Мыңшұңқырдан табылған керамикалық шырағандар, май құюға арналаған тесігі бар, тұтқасы жануар үлгісінде жасалға. М.Қожа зерттеуінде қасқыр, елік және құс (кептер) кейпінде жасалған үлгілері туралы сараланған [14,104]. Сол кезеңде шамдардың басқа да үлгілері болған секілді. Мұнда шырағдан сияқты қыш шамдардың тұғырлары табылды. XIII-XV ғғ. Отырар шеберханаларында қыш, тұғырлы шырағандар жасалып қолданыста болған. Мыңшұңқырдан бүйірі қырлы, төбесі жабық, төрт жұлдызды тесіктері бар, биік аяқты, тұмсықты шырақ табылған. Демек, жергілікті шеберханаларда шырақтар дайындалған. Шырағдан тұтқаларының жануарлардың бас пішімдері үлгісінде жасалуы өріс алды, мұндай үлгіде болуының өзіндік бір наным-сенімдерге негізделгені анық. 1397 жылмен мерзімделген қола шырағандардың жасалуына жергілікті жердің рухани құндылықтарының да әсері болды. Мұны Отырардың керамика өндірісін зерттеген зерттеулер нақтылайды. Мыңшұңқырдан табылған биік аяғы бар керамикалық шырағдан үлгісі Ахмет Ясауи кесенесіндегі қола шырағандардың формаларымен ұқсастық табады.

Орта Азия мен Қазақстан аумағында діни рәсімдер, наным-сенімдер туралы ерте ортағасырлық Сырдария аумағына тән археологиялық ескерткіштер көп мәлімет береді. Отырар оазисіндегі ерте ортағасырлық Құйрық төбе, Алтын төбе қоныстарынан табылған (VI-VII ғғ.) шырағандар, түтеткіштер қоятын қасиетті орындар табылған. Ежелгі және ерте ортағасырлық Отырар оазисінде табылған заттай мәдениет туындыларының ішінде дөңгелек, жарты кесе сипатындағы, биік аяқты тұғырлы от түтеткіштер болды. От

түтеткіштің жоғарғы тұсы кесе сипатында болып келген, оған тұтқасы бар металл кесе орнатылған және онда от жағылған. Сонымен бірге арқасында кесе орнатылған жануар бейнелі от түтеткіштер Отырар оазисіндегі Отырар, Алтын төбеден зерттеушілер тапқан құнды жәдігерлер. Ерте ортағасырларда Сырдың орта ағысында діни рәсімдік шырағандардың екі түрі болған. Олар зооморфтық және құмыра сипатында жасалды. Діни рәсімдер кезінде от жағуға немесе белгілі бір заттарды, яғни өсімдіктерді түтету үшін қолданылған [15,44]. Оларды кесе сипатындағы от түтеткіштер толықтырып отырған. Осы тұста XIV ғ. 1397 жылы жасалған шырағандардың жарты шар сипатындағы формалары аталған шырағандардың түрінен ұқсастық тапқандай.

Сырдың орта ағысындағы сақтар, қаңлылар кең қоныстанған, IV-VII ғғ. өмір сүрген қала, қоныстардан от культіне байланысты материалдар, Көк-Марданда (баспаналардан) табылған шырағандар от жағуға арналғаны анық [16, 208]. Зерттеушілер дәруіштер тұрақтарын, баспаналарын зерттей отырып от культінің қалдықтарын байқаған. Дәруіштер тұрағы, каландарханаларда күні, түні жанып тұрған дөңгелек ошақтар болған.

XIV ғасырдағы саяси-экономикалық жағдай, елдер арасындағы қарым-қатынастар, өз ара әсер өнердің ерекшелене дамуына ықпал жасады. Әмір Темірдің аманаты бойынша әулиелер мен дін қайраткерлерінің мазар, сағаналарына ата мұрадан қаржы бөлінген. Ол жерлер кілем, тағам және шырақпен қамтамасыз етіліп, Иран мен Тұрандағы шайқылардың мазарлары мен қабірлері үшін әрқайсысына бөлек аталып нәзір-қайыр бөлінеді. Темір аманатына сүйенсек ол сән-сәулет шеберлерін, басқа да кәсіп иелерін шетке қақпай жанына топтастырған, осылардың негізінде ғажайып ғимараттарды салдырып, керекті құрал-саймандарды әзірлеген [17, 96].

XII-XIII ғғ. қолаға қызыл мыспен, алтын, күміспен әшекей түсіру техникасы кең дамыды. Бұл әдістер кесенедегі шырағандарда кең қолданылған. Мұнда геометрияланған, өсімдік сипатындағы және жазу түріндегі өрнектер өркендеді [18,103].

XIV ғасырдың 1397 жылмен мерзімделген қола шырағандардың жасалуы мен қойылуы ілгеріден келе жатқан діни рәсімдер, отқа, шыраққа қатысты сенімдердің исламдық сипат алған көрінісі. Шырағандар өз формаларын алдыңғы кезеңдерде болған шырақ, от түтеткіштерден ала отырып дамыды. Әмір Темірдің бұйрығы бойынша жасалған шырағандар көне түркілік наным-сенімдердің синтездену сипатын бейнелегендей. Шырағанда діни рәсімдік кешендер

құралдарының бір бөлігі және жарық беру құралы болды. Олар әрбір даму кезеңдерінің өзіне тән ерекшелігі мен сипаттарын сақтап отырып дамыды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Иванов А.А. *О бронзовых изделиях конца XIV в из мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви* // Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье . –М.: Наука, 1981. – 155 с.
2. *Ахмед Йасауи* / Неджет Тосун. –Анкара: Қожа Ахмет Йасауи Халықаралық қазақ-түрік университеті, 2015. -119 бет.
3. *Әмір Темір аманаты* / Ауд. Сапарбай И. –Алматы: Білім, 2008 – 144 бет.
4. Ахмеров П.Н. *Надписи мечети Ахмеда Ясеви* //Известия общества археологии, истории и этнографии при Казанском университете. Казань: Типо-литография Императорского Казанского университета. 1896, -вып.6. –С.538-551.
5. Семенов А.А. *Мечеть Ходжи Ахмеда Есевичского в г. Туркестане* // Известия Средазкомстариса. –Ташкент. 1926, -вып.1. –124 с.
6. Покража части подсвечника из мечети Хазрета Ходжи Ахмеда Ясави //Туркестанские ведомости. 1906. -№26.
7. *Попытка вернуть в туркестанскую мечеть украденный тамерлановский подсвечник* //Туркестанские ведомости. 1910. - №162.
8. *Мавзолей Ходжа Ахмеда Ясеви (Библиографический указатель)*. –Шымкент, 1992. –30 с.
9. *Просьба археологической комиссии* //Туркестанские ведомости. 1913. -№253.
10. Шәлекенов У.Х. *V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы*. –Алматы: Жібек Жолы, 2006. -248 бет.
11. Дербісәлиев Ә. *Қазақ даласының жұлдыздары*. –Алматы, 1995.-212 бет.
12. Аргынбаев Х.А. *Обычай и поверья казахов, связанных со скотоводством*// Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. –Алма-Ата: Наука, 1980.-249 с.
13. Михайлов Т.М. *Из истории бурятского шаманизма(с древнейших времен XVIII в)* –Новосибирс: Наука, 1980.-318с.
14. Қожа М. *Отырар керамикасы*.-Түркістан:Мұра, 1996.-159 бет.
15. Смагулов Е.А. *Комплекс ритуальных атрибутов из отрарского оазиса*//Археологические исследования в Казахстане. Сб.научных.тр. /КазГПТУ им. Абая.- Алма-Ата, 1992. -87 с.
16. Байпаков К.М. *По следам древних городов Казахстана (Отрарский оазис.)*- Алма-Ата:Наука, 1990. -208 с.
17. *Әмір Темір аманаты*. - Шымкент: Жібек жолы, 2000. –97 б.
18. Всеобщая история искусств. В шести томах, том второй *"Искусство средних веков"*-М.:Искусство, 1961.